Коммерциялық емес акционерлік қоғам

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақ және орыс тілдері кафедрасы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5В070200 – Автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша өзіндік жұмысы тақырыптарын орындау үшін әдістемелік нұсқаулар

Алматы 2017

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Д. М. Арыстанғалиева. Кәсіби қазақ тілі. 5В070200 – Автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша өзіндік жұмысы тақырыптарын орындау үшін әдістемелік нұсқаулар.
– Алматы: АЭжБУ, 2017. – 35 б.

Әдістемелік нұсқауда екі семестрлік жұмыс тапсырмаларының нұсқалары, орындау үлгілері, ұсыныстар, қолданылатын әдебиеттер тізімі берілген.

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша әдістемелік нұсқау 5В070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша білім алатын бакалаврларға арналған.

Әдеб. көрсеткіші – 20 атау.

Пікір беруші: тех. ғыл. канд., доцент Кожамбердиев К.О.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2017 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті » КЕАҚ, 2017 ж.

Ұсынылып отырған «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған (көлемі 2 кредит).

СӨЖ орындаудың негізгі мақсаты - білім алушының кәсіби іс-әрекеттері саласындағы кәсіби бағытталған қазақ тілінің коммуникативтік құзыретін дамыту.

Әдістемелік нұсқауда кәсіби және қоғамдық-әлеуметтік салаларға байланысты қатысымдық жағдаяттармен қатар автоматтандыру және басқару саласына терминдер мен терминдік бірліктер тізімінің нұсқалары (40 нұсқа) беріліп, студенттердің семестрлік жұмыстарының мақсаты, орындау үлгілері көрсетілген. Тапсырма нұсқаларын оқытушы білім алушыларға өзі үлестіреді.

Студенттің семестрлік жұмысын орындауға қойылатын талаптар:

1) Семестрлік жұмыс тапсырмалардың берілуі мен қабылдау кестесіне сәйкес орындалуы тиіс.

2) Мәтіндік құжаттар А4 (210х297 мм) пішіміндегі қағазға орындалады.

3) Мәтіндік құжаттар компьютерлік терілім көмегімен 14 кегльмен, Times New Roman қарпімен орындалады.

4) Мәтін төменде көрсетілгендей терілуі шарт:

- жоларалық қашықтық - 1 (А4 пішіміндегі бір параққа 40-44 жолдан);
- азат жолдың басындағы шегініс – 1,25 см, сол және оң жақтары – 0 см;
- мәтін парақтың сол және оң жақтары бойынша түзеледі;
- мәтін бір бағанға орналастырылады;
- мәтіндік құжатты келесідей нақты жиектік өлшемдерді сақтай отырып басқан жөн: сол жағы – 25 мм, оң жағы – 18 мм, үстіңгі жағы – 20 мм, астыңғы жағы – 25 мм.

5) Міндетті түрде КЕАҚ СТ 56023-1910-04-2014 стандартының С қосымшасына сәйкес титулдық бет жасалады. (Есептеу-графикалық жұмыстың титул парағының үлгісі).

6) Жұмыстың соңында әдебиеттер, интернет қорларының тізімі және сілтемелер берілуі қажет. Әдебиеттер тізімі КЕАҚ СТ 56023-1910-04-2014 стандартының Б қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

7) Сілтемелердің интернет қорлардан алынған мерзімі нақты көрсетіледі. www.yandex.ru или www.google.ru түріндегі сілтемелер дұрыс емес деп есептеледі.

8) Студенттің семестрлік жұмысының көшірме екендігі анықталған жағдайда оқытушы қайта тапсыруға рұқсат берместен, «қанағаттанғысыз» деп бағалауға дейінгі шара қолдануы мүмкін.

Студенттің № 1 семестрлік жұмысы

Тақырыбы: жағдаяттық диалог.

Мақсаты: білім алушының кәсіби әрекеті барысында туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларға байланысты диалог құрастыра білуі.

Тапсырма: оқытушы ұсынған нұсқалардың тақырыптарын негізге ала отырып, жағдаяттық диалог құрастыру.

Қойылатын талап: жұмыс көлемі – әр сөйлеушіден 15-20 реплика. Диалогтар кәсіби және қоғамдық-әлеуметтік салаларға байланысты қатысымдық жағдаяттарға негіздей құрылады. Тапсырманы жұп болып орындауға да болады. Жұптарды оқытушы ұсынады.

Жағдаяттық диалогты құрастыру барысында төменде берілген сұхбаттасуда қолданылатын тілдік оралымдар мен диалогтың түрлерін пайдалану ұсынылады.

Сұхбаттасуда қолданылатын тілдік оралымдар:

СҰХБАТТЫ БАСТАУ

Менің ойымша, біз әңгімемізді келесі мәселені талқылаудан бастағанымыз дұрыс сияқты...

Бүгін мен белгілі мәселелерді қайтадан талқылауды ұсынамын...

Бүгінгі кездесуіміздің себебін сіз жақсы білетін болғандықтан, бірден талқылайтын мәселемізге көшсек...

Әңгімемізді біз .... талқылаудан бастасақ.

Менің сізбен кездесуге келген себебім....

Біз әңгімемізді мені көптен толғандырып жүрген .... мәселеден бастасақ.

Осыған дейін арамызда болған келісімге сәйкес, әңгімемізді ... қарастырудан бастағанымыз дұрыс болар деп ойлаймын.

КЕЛІСКЕНДІ НЕМЕСЕ ҚҰПТАҒАНДЫ БІЛДІРУ

Сіздердің шарттарыңыз бізді толық қанағаттандырады. Бұл ойыңызға біз қарсы емеспіз.

Біз келісімге келе аламыз деп ойлаймын.

Мен сіздің көзқарасыңызды толық
құптаймын. Біздің бұл пікіріңізге қарсы
айтарымыз жоқ. Бұл, біздің ойымызша өте
жақсы идея.

Мен сіздің пікіріңізбен толық келісемін.

... туралы менің көзқарасым сіздікімен толық сәйкес келеді.

Тұтастай алғанда сіздің шарттарыңызды толық қабылдауға болады.

Жалпы біз келісімге келдік деп есептеуге болады.

ТОЛЫҚТЫРУ РЕТІНДЕ

Тағы бір жайға назар аударуға болмайды ...

Осы ойдың дәлелі ретінде бірнеше цитаталарды келтірейін

Айтпақшы, осы сәтте толықтыруға рұқсат етіңіз ... .

ӨЗ КӨЗҚАРАСЫН ҚОРҒАУҒА ТЫРЫСУ

Мен бұл бапты басқа көзқарас тұрғысынан қайтадан талқылауды ұсынамын.

Біз осы мәселені басқа қырынан қарастырып көрейікші.

Мен сізден осы сұраққа қатысты қосымша мәліметтерді алғым келеді.

Біз әңгіменің негізгі тақырыбынан біршама ауытқып кеткен сияқтымыз.

Осындай себептерге байланысты, осыған дейін қарастырған баптардың бірқатарына қайта оралуды ұсынамын.

Мен бұл мәселені шешудің басқа жолын көріп тұрмын, сол себепті түсініктеме бере кеткім келеді...

Талқылағалы отырған мәселені шешудің басқа да жолы бар екендігімен сіз келіседі деп ойлаймын.

Мен ... туралы мәселені қайта қарастырудың қажеттігі жайында айтқым келеді.

Мүмкін, осы мәселеге қатысты сарапшылардың қорытындысы сізді қызықтыратын шығар.

ӨТІНІШТІ БІЛДІРУ

Егер келіссеңіз, біз сізге қарыздар болар едік...

Сіз осылай істей алмайсыз ба...

Сізге қиын болмаса...

Сізге ауыр тимесе...

Мен сізге риза болар едім, егер...

Біз сіздің көмектесе алатындығыңызға сенеміз...

Мен сізден ... сұрағым келеді

Сіздің тарапыңыздан үлкен көмек болар еді, егер...

БЕЛГІСІЗДІКТІ НЕМЕСЕ КҮДІКТІ БІЛДІРУ

Бұл мәселеге байланысты пікірім толық қалыптасып болған жоқ.

Кейбір мәселелер мені қатты күдіктендіреді.

Менде айтқандарыңыздың нақтылығына сенімсіздік тудыратын мәліметтер болғандықтан, сіздің мына мәселелерді анықтауыңызды өтінер едім.

Кейбір мәселелерге байланысты сіздің ойыңызды толық түсіне алмадым.

Осының қажеттілігі жайлы үлкен күдігім бар.

Менің ойымша мұндай шешімді қабылдауға әлі ерте сияқты.

Мен бұл мәселенің басқаша шешілгенін қалар едім.

КЕЛІСПЕУШІЛІКТІ, ҚАБЫЛДАЙ АЛМАУДЫ БІЛДІРУ

Тұтастай алғанда сіздің ұсынысыңызды қабылдауға болады, бірақ...

Біздің көзқарасымыз сіздікінен біршама бөлектеу.

Біз бұл мәселеге басқа түсінік тұрғысынан қараймыз.

Жалпы сіздің ұсыныстарыңыздың көпшілігімен келісеміз, бірақ біздің бірнеше ұсыныстарымыз бен ескертулеріміз бар.

Сіздің нұсқаңызбен келісу оңай емес, себебі оны іске асырудың белгілі бір қиыншылықтары бар.

Бізді сіз ұсынған шарттар толықтай қанағаттандыра алмайды.

Өкінішті, біздің қаржылық жағдайымыз сіздің өтінішіңізді қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Өкінішке орай, біз сіздің шартыңызды қабылдай алмаймыз.

Біз сіздің осы мәселені көтеруге көп күш салғаныңызға ризашылықпен қараймыз, бірақ біз келісе алмайтындығымызды білдіруге мәжбүрміз.

НАҚТЫ ЖАУАП БЕРМЕУГЕ ТЫРЫСУ

Сіздің сұрағыңызға нақты жауап беру қиын,

себебі...

Аталған мәселеге тек қана жалпылама түрде ғана жауап беруге болады.

Мен оның жалпы сұлбасын ғана шамалаймын.

Маған ол туралы айту қиын.

Мен сізге толық жауап беруге қиналамын.

Өкінішке орай, ол туралы біздің толық мәліметіміз болмай тұр.

Біз ол туралы білмейміз, сол себепті көтерілген мәселе жайлы нақты ешнәрсе айта алмаймыз.

СҰХБАТТЫ АЯҚТАУ

Сонымен, біз әңгімеміздің соңына жақындап келеміз.

Кәне, біздің келісімдеріміздің қорытындысын шығарайық.

Сұхбаттың қорытындысы ретінде менің айтқым келгені...

Менің байқауымша, біз бүгінгі сұрақтардың бәрін қарастырып болдық.

Меніңше ... мәселесін шешілді деп есептеуге болады.

Сіздерге бүгінгі талқылауға қатысқандарыңыз үшін біздің фирмамыздың атынан алғыс білдіріп, болашақ әріптестігіміздің сәтті болатындығына сенім білдіруге рұқсат етіңіздер.

Талқылауға қатысуға уақыт бөлгендеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Менің ойымша сіздер өз шешімдеріңізге риза боларсыздар.

Диалогтың түрлері:

а) диалогтық сұхбат (разговор) – бір тақырыпқа арналған қысқа уақыттық әңгіме;

б) диалогтық әңгіме (беседа) – шешім қабылдау мақсатында мәліметтермен бөлісіп, оқиғаға немесе жағдайға қатысты өз көзқарастарын білдіру;

в) келіссөз (переговор) – мәмілеге келу мақсатында белгілі бір мәселені талқылау;

г) интервью – баспасөз, радио, теледидар журналистері жүргізетін әңгіме;

д) пікірсайыс (дискуссия);

е) іскерлік – тікелей «жанды» диалог;

ж) телефонмен әңгімелесу – вербалды әңгіме**.**

Жағдаяттық диалогты құрастыру үлгісі

Жағдаят: сіз басшысыз. Жұмыстан шыққысы келетін қызметкердің өтінішіне қол қоюдан бұрын оны шақыртасыз. Сіз оның жұмыстан кетуіне қарсысыз. Себебін біліп, оны орнында қалдыруға үгіттеңіз.

Қызметкер – Сәлеметсіз бе, Айсұлтан Сәбитұлы!

Басшы – Сәлеметсіз бе, Шолпан Әбілқызы! Отырыңыз! Бүгінгі кездесуіміздің себебін сіз жақсы білетін болғандықтан, бірден негізгі мәселеге көшсек. Сіздің жұмыстан өз еркіңізбен кетуіңіздің себебі қандай?

Қызметкер – Маған ол туралы айту қиын.

Басшы – Біз осы мәселені басқа жағынан қарастырсақ. Сіз тәжірибелі, білікті мамансыз. Сіздей қызметкердің кетуі – біз үшін ауыр жағдай. Жиырма жыл еңбек еткен ұжымыңыздан кету сізге де оңай емес шығар?

Қызметкер – Өкінішке орай, мен сондай шешімге келдім. Мен сіздің маған алаңдаушылық білдіргеніңізге ризашылықпен қараймын, бірақ жұмыстан кетуге мәжбүрмін.

Басшы – Мен сізден неге өтініш жазғаныңызды ашып айтуыңызды сұрағым келеді. Басқа жұмыс таптыңыз ба?

Қызметкер – Мен отбасы жағдайыма байланысты жұмыстан шығамын деп өтініш бердім. Балам биыл университеттің ақылы бөліміне оқуға түсті. Мен оның оқуының ақшасын төлеуім керек қой. Жалақым аздық етеді, сол себепті айлығы жоғары жұмысқа орналасатын болдым.

Басшы **–** Сіздің жағдайыңыз енді түсінікті болды. Мен сіздің көзқарасыңызды толық құптаймын. Дегенмен мен сізден осы шешіміңізге қатысты қосымша мәліметтерді алғым келеді. Айтып отырған мекемеңіз жекеменшік пе? Онда келісімшарт қанша уақытқа жасалады?

Қызметкер – Жекеменшік фирма. Алдымен екі ай сынақ мерзімі болады. Сосын үш жылға келісімшарт жасаймыз деген.

Басшы – Шолпан Әбілқызы! Әрине, сіздің өмірлік тәжірибеңіз бар, әрбір жағдайды дұрыс шеше алатын парасатты жансыз. Алайда талқылап отырған мәселені шешудің басқа да жолы бар екендігімен сіз келіседі деп

ойлаймын. Жекеменшік фирманың ертеңі белгісіз. Онда жалақы уақытылы берілетініне де күмәнануға болады.

Қызметкер – Сіздің пікіріңізге қарсы айтарым жоқ. Өкінішке орай, менің басқа амалым қалмады. Әрине, осы жердегі әріптестерімді, үйренген қызметімді мен қимаймын.

Басшы – Тағы да айтқым келеді: біз сіздей өз ісіне адал, ортасына сыйлы, жауапкершілігі мол қызметкерді мақтаныш етеміз. Жас мамандар үшін де сіз таптырмас ұстазсыз. Бізге сіздей маман керек.

Қызметкер – Мен сізге және әріптестеріме ризашылығымды білдіремін. Менің кетуімнің себебін дұрыс түсінгендеріңізді қалаймын.

Басшы –Өкінішті, біздің қаржылық жағдайымыз сіздің мәселеңізді жақын арада шешуге мүмкіндік бермейді. Дегенмен жуық арада бізде жаңадан бөлім ашылады. Сіз бөлім меңгерушісі лауазымына әбден лайықтысыз. Бөлім меңгерушісінің жалақысы жоғары. Оған жұмысының нәтижесіне қарай сыйақы да беріледі. Осы ұсынысыма қалай қарайсыз?

Қызметкер – Сіздің ұсыныңыз мені қызықтырады. Бұл ойыңызға мен қарсы емеспін.

Басшы – Біз келісімге келдік деп ойлаймын. Менімше, мәселе шешілді деп есептеуге болады. Сізге менің сөздеріме құлақ асып, шешіміңізді өзгерткеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Сұрақтарыңыз бар ма?

Қызметкер – Менде сұрақ жоқ. Түсіністікпен қарап, қолдау көрсеткеніңізге көп рақмет. Келешекте қойған талаптарыңызды орындап, сеніміңізді ақтауға тырысамын.

Басшы – Сізге еңбекте табыс, ісіңізде сәттілік тілеймін. Егер қиындықтар болса, келіңіз, біз сізден көмегімізді аямаймыз.

Қызметкер – Рақмет, сау болыңыз!

Басшы – Сау болыңыз!

Жағдаят нұсқалары

1- нұсқа

Сіз «Тоспа Су» МКК-ның басшысысыз. Сіз ағынды суларды бұру бөлімінің бас маманымен «Қыс, көктем мезгіліне Алматы қаласының дайындығының жүйесін құру» жобасының міндеттері мен оның мақсаттары туралы әңгімелесесіз.

2 -нұсқа

«Павлодар мұнай өңдеу зауыты » жанармаймен мерзімінде қамтамасыз етуді кешіктіріп жатыр. Осы мәселені себебін анықтап, дұрыс шешу мақсатында зауыт директорымен сұхбат жүргізесіз.

3-нұсқа

«Эйр Астана» компаниясы тарабы ұсынылған шарттар орындалмауда, сондықтан осы келеңсіздікті шешу мақсатында жүргізілетін шаралар жөнінде компания мен әуежай басшылары ой бөліседі.

4 - нұсқа

Отын-энергетикалық кешендегі болған келеңсіз жағдайға байланысты тілші сұрақтарына басшылықтың берген сұхбаты.

5 - нұсқа

«ZETA» жиһазы үлкен сұранысқа ие сондықтан фирма директоры тауардың сапасы мен бағасын көтеру туралы мәселені көтерді. Осы мәселе төңірегінде фирма есепшісімен талқылап, шешуді ұсынады.

6- нұсқа

Екі студент компьютердің пайдалы және зиянды жақтары жайында ұзақ талқылайды.

7 - нұсқа

Сіз «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша білім алып жатқан студентсіз. Басқа мамандықта оқитын досыңызбен өз мамандығыңыздың артықшылықтары туралы айтып, сөз жарыстырыңыз.

Досыңыздың сіздің мамандығыңыздың бүгіні және болашағы жайлы айтқан пікірлерін қостап немесе жоққа шығарып, тақырыпты ары қарай дамытыңыз.

8 - нұсқа

Өзіңіз жұмыс істейтін кәсіпорын туралы әріптесіңізбен сұхбаттасыңыз.

9 - нұсқа

«МАЭК-Казатомпром» АҚ кадрлар бөлімі директорының жас маманды жұмысқа қабылдауы. Бұл орайда жұмыс тәртібі, ережелері және болашағы (перспективасы) туралы сөз қозғаңыз.

10 - нұсқа

Сіз «Қазақмыс» компаниясының президентісіз. Шетелдік компанияның басшысына сіздермен бірігіп жұмыс істеудің қажеттігін айтып, мұндай бірлескен еңбектің тиімді болатындығына серіктесіңіздің көзін жеткізіңіз.

11 - нұсқа

Сіз белгілі шетелдік компаниядан келген өкілсіз. Сіздің міндетіңіз – бірлесіп жұмыс істеуді ұсынып отырған компания жайында толық мәлімет алып, компанияның артықшылықтары мен кемшіліктерін таразылай келіп, шешім қабылдау.

12 - нұсқа

Сіз «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның басшысымен жаңа жоба бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы әңгімелесіңіз.

13 - нұсқа

Сіз «Алматыгаз» АЕО» ЖШС-ның бас маманысыз. Алдағы күндері Алатау ауданының тұрғындарына газ жүйесін қосуға тиіссіздер. Қызметкеріңіздің біреуімен осы жұмысты қалай орындау керектігі, оның ерекшелігі және осы істі неден бастап, немен аяқтау керектігі жайында пікірлесесіз.

14 - нұсқа

Сіз «Қазақстанда қалыптасқан экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары» атты семинарға қатыстыңыз. Семинарда көтерілген мәселе төңірегінде әріптестеріңізбен ой бөлісіңіз.

15 - нұсқа

«Экология – халық тағдыры» тақырыбында Алматы қаласының бас экологымен оңтүстік астананың экологиялық мәселелері және оны шешу жолдары туралы әңгімелесіңіз.

16 - нұсқа

Сіз «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша оқитын АЭжБУ студентісіз. Осы мамандық жайлы білгісі келетін досыңызбен автоматтандыру құралдары, бақылау өлшегіш құралдары және олардың қолданылу саласы, болашағы жайында әңгімелесесіз.

17 - нұсқа

Сіз АЭжБУ студентісіз. Сізге Алатаудың бауырындағы қалада тұрып өмір сүру де, оқу да ұнайды. Сіздің міндетіңіз – Алматыда оқудың болашақ үшін өте тиімді, үйренетін нәрсе көп екендігін айтып жоғары білім алғысы келетін сыныптасыңызды АЭжБУ-ге оқуға шақыру.

18 - нұсқа

«Автоматтандыру және басқару» мамандығында оқитын екі магистрант басқару жүйесіндегі мөлтекүрдісшілері кешендері жайында пікірлеседі.

19 - нұсқа

Өскемен машинажасау зауытының бас мастері көлікті жаңа заманға сай автоматтандыру, яғни көлік ішіндегі температураны бірқалыпты ұстау режімі туралы ойды ортаға салады.

20 - нұсқа

Қазақстаннан келген әріптесіңіз сізден шетелден инвестиция тартудың қыр-сыры туралы айтып беруді өтінді. Әріптесіңізбен білім саласына инвестиция тартудың ерекшелігі жайлы сұхбат жүргізіңіз.

21 - нұсқа

Сіз «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та білім алып жатқан магистрантсыз. Бұл елде көптеген қиындықтармен кездесіп, қиналып жүрсіз. Сондықтан сіз бәрін тастап еліңізге кетуге бел байладыңыз. Шешіміңіздің дұрыс екендігіне көз жеткізу үшін басқа магистрантпен әңгімелесіңіз.

22 - нұсқа

Технологиялық үрдістерді автоматтандыру, автоматты жүйелерді жобалау және өндірудің өзекті мәселелерін шешуге қабілетті қазіргі заманға сай жоғары білімді мамандарды дайындау төңірегінде ЖОО-ның ректорымен тілші сұхбаты.

23 - нұсқа

Топтағы досыңызбен «Болашақ маман қандай болу керек?» деген тақырыпта пікір алмасыңыз.

24 - нұсқа

Өз мамандығыңызға байланысты ашылған ғылыми жаңалықтар төңірегінде оқытушыңызбен сұхбаттасыңыз.

25 - нұсқа

Сіз АЭжБУ қабылдау комиссиясының мүшесісіз. Университетке оқуға тапсыруға келген абитуриент сізден әрбір мамандықтың ерекшелігі жайлы мәліметтерді білгісі келеді. Сұрақтарына жауап беріп, оқу орнын жақсы жағынан көрсетуге тырысыңыз.

26 - нұсқа

Заңғар «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алады. Махамбет Алматыда Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық ғылыми техникалық университетінде оқиды. Олар қысқы демалыста Алматыда кездесіп, Қазақстанда жұмысқа орналасу мәселесінің қиындығы және оқуды бітіргеннен кейін қайда орналасатындары жайында пікірлеседі.

27 - нұсқа

Сіз жас мамансыз. Алғашқы жұмыс күнінде жаңадан келген маман ретінде ұжыммен танысуыңыз керек. Әуелі басшылықпен немесе ұжым жетекшісімен жақынырақ танысып, негізгі міндеттеріңізді анықтап алыңыз.

28 - нұсқа

Симпозиумда экономистер, инженерлер, экологтар секциялары тобы жұмыс істеуде. Әр секция баламалы энергия мөселелерін өз кәсіптері тұрғысынан талқылап, өз шешімдерін айтады.

29 - нұсқа

Сіз әріптесіңізбен тендер жайында әңгімелесіп отырсыз. Әріптесіңіз тендерге қатысты естіген жаңалығын айтып, оған көңілі толмайтынын білдірді. Сіз бұл жаңалықты естіген-естімегеніңізді айтып, тендерді ұтып алу жолдарын түсіндіріп, тендер туралы өз ойыңызды білдіріңіз.

30 - нұсқа

Екі әріптес кітапханада кездесіп, нанотехнологияның болашағы жөнінде пікірлеседі.

31 нұсқа

Алматы қаласындағы №1 балалар үйінің директоры мен студенттер кәсіподақ ұйымы төрағасы АЭжБУ-да жыл сайын өткізілетін қайырымдылық шарасының дайындығы туралы пікірлеседі.

32 - нұсқа

Сіз АЭжБУ ректорысыз. Қалалық энергетика бөлімінің басшысымен техника саласында үш тілді еркін меңгерген маманды дайындаудың қиындығы мен жетістіктері туралы ой қозғаңыз.

33 - нұсқа

Сіз «Инженерлік кибернетика» кафедрасының түлегісіз. Біліміңізді жалғастыру мақсатында Томск техникалық университетінің магистратура бөлімінің басшысымен оқу туралы сұхбаттасасыз.

34 - нұсқа

Сіз мекемеде директорсыз. Орынбасарыңызды шақырып, айлық жоспардың не себепті орындалмағандығы және бұл мәселені қалай шешуге болатындығы жайлы әңгімелесіңіз. Әңгіме өлшеу жүйелерінің бөлшектерін жасайтын кәсіпорынға қатысты жүруі тиіс. Диалогта өлшеу жүйелерінің бөлшектеріне, олардың атауларына, жасалу технологиясына қатысты сөздер болуы керек.

35 - нұсқа

Екі тәлімгер ғаламтордың артықшылықтары мен кемшілік тұстары жайында пікірлеседі.

36 - нұсқа

Сіз тәжірибе алмасу мақсатында шетелге бардыңыз. Шетелдік әріптесіңізбен орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері төңірегінде ой бөлісіңіз.

37 - нұсқа

Сіз АЭжБУ журналы «Энтелдің» редакторысыз. Қазақстан энергетика саласында елеулі еңбек еткен есімі елге әйгілі ғалымнан интервью аласыз. Сізге оның аты-жөні ғана таныс, бірақ қалай атақты тұлға болғаны белгісіз. Әңгіме барысында ғалымның өмірбаяны, жастық шағы, студенттік кезеңі, алғашқы ашқан жаңалығы және ғылыми зерттеулері жайлы ақпарат алуға тырысасыз.

38 - нұсқа

Сіз Алатау аудандық төтенше жағдайлар комитетінің инспекторысыз. Алдағы қысқы маусымға тұрғындардың дайындығы, пеш, газ қондырғыларының дұрыс орналасқандығы жөнінде тексеру барысында тұрғындырмен әңгімелесесіз.

39 – нұсқа

Екі маман ұялы желілер және сымсыз рұқсат ету жүйелерінің ерекшеліктері жайында сұхбаттасады. Әңгімеге арқау болған тақырып: жер үстіндегі жылжымалы байланыс жүйелерінің бірінші және екінші буындарының өзіндік ерекшеліктері.

40 - нұсқа

Зертханада. Сіз кіші ғылыми қызметкерсіз. Басқа бөлімге аға ғылыми қызметкер болып ауысқалы жатырсыз. Орныңызға магистратураны жаңадан бітіріп келген қызметкер жұмыс істемек. Оған қауіпсіздік техникасын (химиялық құралдармен, электр жабдықтарымен жұмыс істеуді) түсіндіріп, сұрақтарына жауап беріңіз.

Студенттің № 2 семестрлік жұмысы

Тақырыбы: мамандыққа қатысты терминдер.

Мақсаты: кәсіби лексиканы қалыптастыруға қатысты терминдердің баламасын тауып, олардың мағынасын қазақ тілінде түсіндіре білу.

Тапсырма:

1) Төменде берілген мамандыққа қатысты терминдердің орысша баламасын тауып, олардың қазақ тіліндегі түсіндірмесін беру.

Қойылатын талап: түсіндірме сөздіктің көлемі - 20 термин мен терминдік бірлік; олар әрбір бағдарлама тақырыптарын қамтуы керек.

2) Өз нұсқаңызда берілген терминдерді пайдаланып, ғылыми стильде шағын мәтін құрастырыңыз.

Қойылатын талап: мәтіннің көлемі – 80-90 сөз.

2-семестрлік жұмысты орындаудың үлгісі

Терминдер мен терминдік бірліктер тізімінің нұсқасы:

1. Басқару

2. Күшейткіш
3. Автоматты қондырғы
4. Үдеріс
5. Бақылау
6. Үдерісті бақылау
7. Рұқсатсыз қатынас
8. Мәлімет
9. Жұмыс істеу режімі
10. Пайдаланушы
11. Компьютерлік жүйе
12. Ақпарат
13. Қауіпсіздік саясаты
14. Қамтамасыздандыру құралдары
15. Басқару жүйесі
16. Ақпараттық жүйе
17. Үдерісті басқару
18. Кешендік құралдар
19. Іздеу-құтқару кешені
20. Шалаөткізгішті түзеткіш диод

Түсіндірме сөздік

№	Аудармасы	Түсіндірмесі
1	Автоматтандыру – автоматизация	Энергияны, материал мен ақпарат түрлерін өндіру, тасымалдау және пайдалану үрдісінде адамның тікелей қатысуын толығынан немесе жартылай босатып, оның орнына басқару жүйесін, экономика-математикалық әдістер мен техникалық құралдарды қондыру.
2	Басқару - управления	1. Машинаның, механизмнің жұмыс тәртібін және күйін өзгертетін оператордың іс-әрекеті; 2. машинаны, механизмді басқару органының комплекті; 3. механикалық жүйе фунциясының жұмыс реттерін бақылау және бағдарламалармен мақсаттарын ұқсату.
3	Күшейткіш - усилитель	Көмекші көздің энергиясын қолдана отырып, сигналдың энергетикалық

		көлемін өсіруге арналған құрылғы.

* Кесте әрі қарай жалғастырылады (ұсынылған нұсқадағы 20 термин мен терминдік бірліктер толық қамтылуы тиіс).

Нұсқада берілген терминдерді пайдаланып құрастырылған мәтін

Басқару жүйесін жалпылама қарастырғанда ол екі негізгі элементтен тұрады: басқару объектісі мен басқару құралы. Мұндағы басқару объектісі деп технологиялық және өндірістік үрдерісті іске асыратын қандай да болмасын агрегаттарды айтады. Ал басқару құралы АБЖ басқаруды адамның тікелей қатысуынсыз жүзеге асыратын жалпы өндірістік немесе арнайы комплекстік құралдар болып табылады. Бұл жерде адамның міндетті қызметі автоматты қондырғының (жабдықтың) жұмысын бақылау, үрдерісті басқару талабына сай жөндеу және күйге келтіру

Мәліметтерге рұқсатсыз қатынас құрудан қорғауды, мәліметтермен бір уақытта көп пайдаланушылардың жұмыс істеу режімін қолдауды, мәліметтердің бүтіндігі мен келісімін қамтамасыздандыруды оларды басқару деп атайды. Мәліметтерге рұқсатсыз қатынас құрудан қорғау әр пайдаланушыға тек қана оған рұқсат етілген мәліметтерді көруге және өзгертуге мүмкіндік береді. Көп пайдаланушының жұмыс істеу құралдары бір мезгілде бірдей мәліметтерді бірнеше пайдаланушының өзгертуіне рұқсат етпейді. Мәліметтердің бүтіндігі мен келісімін қамтамасыздандыру құралдары келісілмейтін өзгертулерді енгізуден қорғайды.

Студенттерге ұсынылатын терминдер мен терминдік бірліктердің нұсқалары:

1 - нұсқа

1. Автоматтандырылған жобалау жүйесі
2. Автоматтық айнымалы
3. Ағымдағы жазба
4. Ажыратқыш
5. Амплитудалық – фазалы сипаттама
6. Аналитикалық баланс
7. Әрекет ету принципі
8. Әрекеттестік
9. Бағдарламалық қамтамасыз ету
10. Бағдарламалық қорғау құралдары

11. Гармониялық баланс
12. Кері сипаттама
13. Коллектор тогы
14. Қозу тогы
15. Қолданушы
16. Қоректендіру қорабы
17. Тізбек
18. Түскен хабар
19. Тұтынушылар
20. Уақыттық немесе өтпелі сипаттама

2 - нұсқа

1. Ажырату батырмасы
2. Аймақтық желі
3. Айнымалы атауы
4. Ақпарат (информация) көзі
5. Ақпараттық (информациялық) кеңарна
6. Әрекет ету принципі
7. Әрекеттестік
8. Әрекеттесу аймағы
9. Баған
10. Байланыс арналарын басқару жүйесі
11. Байланыс арнасы
12. Байланыс арнасын тығыздау
13. Векторлық өңдеу
14. Вирусқа қарсы бағдарламалық қамтама
15. Дерекқор әкімшісі
16. Деректер
17. Деректер ағыны
18. Желдету жүйесі
19. Желі
20. Желі түйіні

3 - нұсқа

1. Айнымалы шама
2. Ақпарат
3. Ақпарат алу
4. Байланыс желісінің драйвері
5. Байланыс құралдары
6. Байланыс құру хаттамасы
7. Бақылау

8. Деректер бағаны
9. Деректер базасын басқару жүйесі
10. Деректер базасын талдауыш
11. Деректерді дестелі беру
12. Желіаралық
13. Желілік деңгей
14. Желілік жабдықтың қоректену көзі
15. Ақпараттық (информациялық) іздеу
16. Ақпаратты (информацияны) бейнелеу
17. Ақпаратты (информацияны) беру жылдамдығы
18. Кедергі
19. Кезең
20. Кеңтаралымды адрестеу

4 - нұсқа

1. Ақпараттандыру
2. Ақпаратты бұрмалау
3. Ақпаратты қорғау
4. Ақпаратты қорғау жүйесі
5. Бағандарды пішімдеу
6. Бағдарлама
7. Бағдарлама дестесі
8. Бағдарламалау тілі
9. Деректерді сұрыптау
10. Деректерді талдау
11. Деректерді тарату желілері
12. Деректерді теру
13. Кеңтаралымды адрестеу
14. Кері аударғыш
15. Мәліметтер (деректер) қоры
16. Мәліметтерді (деректерді) енгізу
17. Мәліметтерді (деректерді) шығару
18. Оқшаулау және жою
19. Оңтайландыру, оптималдау
20. Оңтайлы

5 - нұсқа

1. Ақпаратты өңдеу
2. Ақпараттық желі
3. Ақпараттық жүйе

4. Ақпараттық розетка
5. Бағдарламалаушы
6. Бағдарламалық қамтамасыз ету
7. Бағдарламалық қорғау құралдары
8. Бағдарламалық тілдер
9. Байланыс
10. Десте
11. Десте құрылымы
12. Десте пішімі
13. Дестелеу
14. Желілік орта
15. Жергілікті желі
16. Жүйелік қорап
17. Кесте ұяшығы
18. Кестелеу символы
19. Командалар тізбегі
20. Шоғырланған (жинақталған) жүйелер

6 - нұсқа

1. Арналарды басқару процессоры
2. Арналық деңгей хаттамасы
3. Арифметикалық амалдар
4. Арна
5. Бақылау қосындысы
6. Баптау
7. Басқару тәсілі
8. Бейне күшейткіш
9. Жүйелік тақша
10. Жүктеме
11. Зерделі жүйе
12. Коммуникациялық желі
13. Компьютерлік желі
14. Компьютердің өнімділігі
15. Мәтінді енгізу
16. Модем
17. Негізгі түйіндер
18. Операциялықжүйе
19. Операциялық жүйені жүктеуіш
20. Операциялық талдау

7 - нұсқа

1. Арнайы қосқыштар
2. Арнайы құрылғы
3. Арналарды коммутациялау
4. Арналық деңгей
5. Бейнекескіндеу
6. Бейнелеу
7. Бейнелеу құрылғысы
8. Бейнесызбалық адаптер
9. Көлденең ішкі жүйе
10. Қабылдағыщ
11. Қайта жүктеу
12. Синхрожолшық
13. Статистикалық дерекқор
14. Талшықты- оптикалық кабель
15. Тасығыш, тасымалдаушы
16. Тасымалдау ортасы
17. Үзбей қоректендіру көзі
18. Үлгілеу, моделдеу
19. Үлкен интегралдық сұлба
20. Ұйымдастыру

8 - нұсқа

1. Ақпараттық теңсіздік
2. Ауқым
3. Ауқымды (глобалды) желі
4. Ауқымды (глобалды) айнымалы
5. Бейімдегіш
6. Бейтараптану
7. Бұғаттау
8. Бұғаттау өрісі
9. Жүйелік бөгеуілдер
10. Кесте ұяшығы
11. Кестелеу символы
12. Командалар тізбегі
13. Қолданбалы бағдарламалау
14. Қолданбалы деңгей
15. Қолданушы
16. Орнату
17. Орнықтылық
18. Ортақ қор
19. Терістеу
20. Торап

9 - нұсқа

1. Ауқымды жүйе
2. Ауыстырылатын тасымалдаушы
3. Ауысу нүктесі
4. Бұзу, бүлдіру
5. Бұрмаланған ақпарат (информация)
6. Векторлық графиксалғыш
7. Қоректендіру қорабы
8. Қоректену көзі
9. Құрылым иерархиясы
10. Өңдеу ішкі жүйесі
11. Өрт сөндіретін құралдар
12. Өту, көшу
13. Символды ендіру пернесі
14. Синтездеу алгоритмі
15. Синтездеуіш
16. Сымсыз желі
17. Тізбек
18. Тіркеуіш
19. Түскен хабар
20. Уақыт ауқымы

10 - нұсқа

1. Автоматтандыру
2. Автотербеліс
3. Аналогты сандық түрлендіру (АСТ)
4. Антенна
5. Бағдарламалар(программалар) сипаттамасы
6. Бағдарламалау (программалау) құралы
7. Бағдарламаны (программаны) жаңарту
8. Беллман әдісі
9. Жергіліктіі есептеу желісі
10. Құрылымдастырылған кабельдік жүйе
11. Қызмет көрсету
12. Қысу (қысылған)
13. Процестің тармақталуы
14. Сараптық жүйе
15. «Сақина»топологиясы
16. Сәйкестендіру
17. Сигнал бергіш

18. Тұрақты жадтайтын құрылғы
19. Тұтыну параметрлері
20. Тұтынушы

11 - нұсқа

1. Винер үйлесімді фильтрі
2. Вышнеградский диаграммасы
3. Гамильтон теңдеуі
4. Генератор
5. Гипотеза
6. Кванттау жиілігі
7. Кесу тереңдігі
8. Күй векторы
9. Өзара индуктивтік
10. Өтпелі процестің уақыты
11. Реттеу
12. Сүзгіш
13. Тасушы жиілік
14. Тербеліс
15. Ұйтқу
16. Шама, мөлшер
17.Тізбек
18.Түскен хабар
19.Тұтынушылар
20.Уақыттық немесе өтпелі сипаттама

12 - нұсқа

1. Асинхронды қозғалтқыш
2. Аспаптардың мемлекеттік жүйесі
3. Атқарушы қозғалтқыш
4. Бергіш
5. Вентилдік қозғалтқыш
6. Гидравликалық қозғалтқыш
7. Даламбер – Лагранж принципі
8. Дельта-функция
9. Демодулятор
10. Детектор
11. Децибилдік детектор
12. Дешифраторларлық детектор

13. Индукциялық қозғалтқыш
14. Кернеу бөлгіші
15. Қадамдық, адымдық қозғалтқыш
16. Серпінді деформациялық детектор
17. Сызықтық қозғалтқыш
18. Сыйымдылық
19. Тұрақтылық аймағы
20. Шағырдық қозғалтқыш

13 - нұсқа

1. Активті, үдемелі қуат
2. Апериодты буын
3. Астатикалық буын
4. Бейне
5. Бірлік
6. Диаграмма
7. Дисперсия
8. Дюамель интегралы
9. Жазықтық конденсатор
10. Идентификация
11. Идентификация әдістері
12. Импульс
13. Импульс ұзақтығы
14. Инверсия
15. Инерциясыз буын
16. Кесу күші
17. Өлшеу
18. Реттеу диапазоны
19. Сыйымдылық
20. Фазалы дискриминатор

14 - нұсқа

1. Ақпараттық модель
2. Балансты модулятор
3. Басқарушы құрылғы
4. Детальдарды өңдеу
5. Жүктеме
6. Интегралдық сұлбалар
7. Интеграция дәрежесі
8. Кернеу
9. Коммутациялық модулятор

10. Магмагнитті модулятор
11. Микропроцессорлар
12. Модель
13. Модулятор
14. Мүмкіндік интегралы
15. Сәуле түсіргіш
16. Түзетуші буын
17. Шартты белгілер
18. Шығу, шықпа
19. Электрмеханикалық модулятор
20. Эталон-моделі

15 - нұсқа

1. Басқару тогы
2. Бейсызықты автоматты реттеу жүйесі
3. Бірлік әсер
4. Жиіліктік сипаттамалар
5. Жүктеме тогы
6. Импульстік әсер
7. Импульстік сипаттама
8. Инварианттық жүйе
9. Кіріс шамасы
10. Коллектор тогы
11. Корректірлеу құрылғысы
12. Қозу тогы
13. Орнықсыз жүйе
14. Орнықтылықтың критерийі
15. Реттелетін шама
16. Реттеуші
17. Сызықты автоматты реттеу жүйесі
18. Типтік әсер
19. Шығыс шамасы
20. Якорь тогы

16 - нұсқа

1. Амплитудалық-жиіліктік
2. Амплитудалық-фазалық-жиіліктік
3. Ашық жүйе
4. Жанама сапа көрсеткіштері
5. Жиіліктік тербелмелік
6. Жорамал бөлігі

7. Жорамал түбірлер
8. Комплекстік түбірлер
9. Қайта оралу аймағы
10. Нақты бөлігі
11. Нақты түбірлер
12. Өтпелі процестің көрсеткіштері
13. Өшу декременті
14. Өшу дәрежесі
15. Реттеудің тікелей сапа көрсеткіштері
16. Сезімсіздік аймағы
17. Түбірлік тербелмелік
18. Тұйық жүйе
19. Фазалық-жиіліктік
20. Шектелу

17 - нұсқа

1. Адаптивті жүйе
2. Айнымалы құрылым
3. Астатикалық қате
4. Ауытқу
5. Гармоникалық әдіс
6. Дискреттік жүйе
7. Импульстік жүйе
8. Қанығу
9. Қозғалыс теңдеуі
10. Қосындығыш
11. Құрылымдық сұлба
12. Оптималды жүйе
13. Орташа квадраттық ауытқу
14. Парапар тұрлендіру ережелері
15. Реттеудің дәлдігі
16. Салыстыру элементі
17. Статистикалық әдіс
18. Сызықтандыру
19. Түйін
20. Шектік циклдар

18 - нұсқа

1. Демодулятор
2. Дюамель интегралы
3. Импульс ұзақтығы
4. Кездейсоқ әсер

5. Қадамдық, адымдық қозғалтқыш
6. Логарифмдік амплитудалық-жиіліктік
7. Логарифмдік амплитудалық-фазалық-жиіліктік
8. Логарифмдік фазалық-жиіліктік
9. Орнықты жүйе
10. Орнықтылықтың қоры
11. Реттеу диапозоны
12. Серпінді деформациялық детектор
13. Сыртқы әсер
14. Тапсырыстық әсер
15. Тұрақтылық аймағы
16. Фазалы дискриминаторы
17. Шекаралық кернеу
18. Ығысу бұрышы
19. Электрондар қозғалысы
20. Тарату тізбегі

19 - нұсқа

1. Амплитудалық корректор
2. Байланыстың бұзылуы
3. Жарықдиодты көрсеткіш
4. Кадрлар жиілігі
5. Манчестер коды
6. Оптикалық сигнал
7. Плазмалық лазер
8. Функционалдық интегралдық микросхема
9. Шекаралық қабат сыйымдылығы
10. Ығысу кернеуі
11. Электрондық ажыратқыш
12. Автоматты радиотарауылдауыш
13. Типтік әсер
14. Реттелетін шама
15. Оптималды жүйе
16. Кіріс шамасы
17. Тұйық жүйе
18. Бейсызықты автоматты реттеу жүйесі
19. Кері сипаттама
20. Гидравликалық күшейткіш

20 - нұсқа

1. Байланыс жолының параметрі

2. Дискретті топтық сигнал
3. Дискреттік жүйе
4. Үлгілеу
5. Инварианттық жүйе
6. Маршрут ұзындығы
7. Оптикалық-талшықты байланыс жолы
8. Жүктеме тоғы
9. Сандық модельдеу
10. Тарату тізбегі
11. Сәуле түсіргіш
12. Функционалдық логикалық сұлбалар
13. Шекаралық толқын
14. Ықтимал қате
15. Электрондық атқылау
16. Тері кері байланыс
17. Автоматты басқару жүйесі
18. Сыртқы әсер
19. Орнықсыз жүйе
20. Басқарушы құрылғы
21. Жарықсезгіш бетКаскадаралық байланысҚұрама транзистор

21 - нұсқа

1. Апериодты процесс
2. Байланыс жиілігі
3. Орнықсыз жүйе
4. Еріксіз тербеліс
5. Жарықсезгіш зат
6. Жермен қосу құрылғылары
7. Көпарналы цифрлық сигнал
8. Бірлік әсер
9. Құрастыру сыйымдылығы
10. Маршруттық навигация
11. Оптикалық толықтырылатын лазер
12. Сызықты автоматты реттеу жүйесі
13. Саңылаулы антенна
14. Үздіксіз қорек көзі
15. Үрдіс
16. Хабар тарату
17. Шектегіш диод
18. Ықтималдық
19. Электрондық бұлт
20. Ауқымды жүйе

22 - нұсқа

1. Тапсырыстық әсер
2. Байланыс арнасының сыйымдылығы
3. Импульстік жүйе
4. Еріксіз сәуле шығару
5. Жасанды бөгеуілдер
6. Іздеп табу қашықтығы
7. Лазерлік локатор
8. Металқышты кедергі
9. Оптикалық тарату жүйесі
10. Оптикалық торуылдауыш
11. Пъезоэлектрлік бергіш
12. Саңылаулы сәуле шығарғыш
13. Таржолақты байланыс
14. Шығыс шамасы
15. Ашық жүйе
16. Халықаралық телекоммуникация одағы
17. Цифрлық ағын энергиясы
18. Шектеуші дроссель
19. Реттеуіш
20. Электрондық зеңбірек

23 - нұсқа

1. Орнықтылықтың критерийі
2. Байланыс арналарының мультиплексоры
3. Дабыл толқын
4. Енгізу-шығару арнасы
5. Ең тиімді қабылдағыш
6. Жедел әрекетті радиобайланыс
7. Іздеу аумағы
8. Лазерлік таратқыш
9. Метеорлық байланыс
10. Оптоэлектрондық логикалық сұлбалар
11. Пъезоэлектрлік кристалл
12. Сатылап қосу
13. Тану коды
14. Үдеткіш
15. Адаптивті жүйе
16. Ұшуды басқару әдісі
17. Амплитудалық фазалық сипаттамасы
18. Тапсырыстық әсер
19. Ширатылған толқынжол

20. Электрондық реле

24 - нұсқа

1. Коллектор тогы
2. Байланыс жолының индуктивтігі
3. Деректер немесе мәліметтер базасы
4. Енгізу-шығару құрылғысы
5. Желпуіш тәрізді антенна
6. Шығу, шықпа
7. Лазерлік тозаңдату
8. Микросұлба
9. Модуляция тереңдігінің өсуі
10. Тығыздық
11. Магнитті модулятор
12. Гармониялық әдіс
13. Сатылы ауысу
14. Таңбалық сигнал
15. Термоэлектрлік құбылыс
16. Ұқсас сигнал
17. Фазалық іріктегіш
18. Циклдік код
19. Шартты белгілер
20. Астатикалық буын

25 - нұсқа

1. Кездейсоқ әсер
2. Байланыс қызметі
3. Деректер қоры
4. Енгізу-шығару уақыты
5. Жазық толқыны
6. Орнықтылықтың қоры
7. Ілеспе жүйе
8. Кедергілер қорабы
9. Қайтымсыз байланыс
10. Логикалық сұлбалар матрицасы
11. Мерзімдеуші импульс
12. Мнемосхема
13. Оптикалық орта
14. Импульстік әсер
15. Сатылы сигнал генераторы
16. Таңдамалы байланыс арнасы
17. Үдеткіш

18. Цифраналогтық түрлендіргіш
19. Ауысу нүктесі
20. Электрондық эмиссия заңы

26 - нұсқа

1. Аса үлкен интегралдық сұлба
2. Айнымалы шама
3. Векторлық графиксалғыш
4. Еркін тербеліс
7. Жазық толқын
5. Кедергі
8. Ілеспе реттеу
6. Кездейсоқ бөгеулдер
9. Күшейткіш үнемділігі
10. Дестелеу
11. Мәліметтер базасы
12. Отын қоры
13. Мәліметтер қоры
14. Сәйкестіктер сұлбасы
15. Тараймақты шалаөткізгіш
16. Үдетуші анод
17. Оқшаулау және жою
18. Шама, мөлшер
19. Тербеліс
20. Эмиттер сыйымдылығы

27 - нұсқа

1. Арналардың үлестірілуі
2. Балама сұлба
3. Дыбыс толқыны
4. Екінші реттік-электрондық көбейткіш
5. Сүзгіш
6. Ілесу радиолокаторы
7. Кеңаймақты шалаөткізгіш
8. Дельта- функция
9. Лүпілді толқын
10. Импульс ұзақтығы
11. Мультиспектрлік түсірілім
12. Орталықтандырылған байланыс жүйесі
13. Интеграция дәрежесі

14. Сәуле ауытқуы
15. Таржолақты контур
16. Үдетуші импульс
17. Цифрлық биіктік өлшегіш
18. Цифрлық модуляция
19. Басқарушы құрылғы
20. Энергиялық сыйымдылық

28 - нұсқа

1. Автоматты радиоторуылдауыш
2. Апаттық ажыратқыш
3. Бақылау құрылғысы
4. Басқару тогы
5. Деректер тарату аппаратурасы
6. Сызықты реттеу автоматты жүйесі
7. Жиіліктер спектрі
8. Іріктелетін байланыс жолы
9. Кеңжолақты арна
10. Автоматты жобалау жүйесі
11. Модульденетін кернеу
12. Осьті бұрыштық туралау
13. Айнымалы шама
14. Сәуле осін туралау
15. Тасымалдаушы жиілік ауытқуы
16. Үйлестірілген тарату жолы
17. Синтездеу алоритімі
18. Цифрлық жиілік өлшеуіш
19. Тасымалдаушы
20. Эпитаксиаль транзисторы

29 - нұсқа

1. Апаттық байланыс
2. Бақылау ұясы
3. Үлкен интегралды сұлба
4. Деректерді түрлендіргіш
5. Екілік бірлігі
6. Өзара бөгеулдер
7. Жиіліктер торы
8. Гармоникалық модуляция
9. Іске қосылу ықтималдығы

10. Кванттау қадамы
11. Кеңістіктік толқын
12. Тығыздық
13. Модульденетін сәуле
14. Радиоактивті материалдар
15. Реттеу диапозоны
16. Тасымалдаушы толқын амплитудасы
17. Үлкен интегралдық сұлбалық жад
18. Цифрлық салыстырғыш
19. Шифрлау
20. Асихронды қозғалтқыш

30 - нұсқа

1. Атқарушы қозғалтқыш
2. Детектор
3. Бірінші байланыс желісі
4. Декременттік адрестеу
5. Дестелі режімдегі жұмыс
6. Екілік код
7. Өлшеуіш зонд
8. Жиілікке тәуелді байланыс
9. Кесу тереңдігі
10. Кері байланыс арнасы
11. Көлеңкелік аумақ
12. Люминофордың тозғыштығы
13. Модульдеуші тербеліс
14. Басқару
15. Сәуле шығару кванты
16. Сараптық жүйе
17. Тұрақтылық аймағы
18. Цифрлық сигнал қабылдағыш
19. Шифр кілті
20. Сызықтық қозғалқыш

31 - нұсқа

1. Автомат
2. Агрегат
3. Выключатель аккумулятора
4. Выпрямитель
5. Дебаланс
6. Диагностика техническая

7. Длина вектора
8. Заглушка
9. Оператор присванивания
10. Пьезоэлектрический генератор
11. Образец
12. Совместивость
13. Электронно-лучевой прибор
14. Коэффициент преобразования
15. Коэффициент связи
16. Проверка данных
17. Система управления
18. Система управления данными
19. Переключатель
20. Перемодуляция

32 - нұсқа

1. Система упраавления базами данных
2. Система управления роботом
3. Скорость передачи данных
4. Радиоимпульс
5. Счетчик
6. Транзистор биополярный
7. Торможение электромагнитное
8. Комплексная проводимость
9. Компаратор
10. Выключатель дистационный
11. Деформация
12. Модуляция частотная
13. Омметр
14. Оптика интегральная
15. Переключение
16. Реактивное напряжение
17. Ток угловой
18. Фотоэлемент
19. Характеристика переходная
20. Шина

33 - нұсқа

1. Диаграмма
2. Диапозон

3. Комплексная мощность
4. Комплексное сопротивление
5. Кривая резонансная
6. Круговая диаграмма
7. Мощность комплексная
8. Поле магнитное
9. Позистор
10. Поток магнитный
11. Преобразователь фазы
12. Процесс переходный
13. Пусковой реостат
14. Реактивная нагрузка
15. Резистор постоянный
16. Реле
17. Связь лазерная
18. Синхронный двигатель
19. Скорость фазовая
20. Счетчик

34 - нұсқа

1. Подстрочный резистор
2. Режим генератора
3. Режим импульсный
4. Свободный ток
5. Связь гальваническая
6. Связь емкостная
7. Магнитопровод
8. Малая интегральная схема
9. Машина синхронная
10. Микроконтроллер
11. Микросборка
12. Монтаж печатный
13. Наноэлектроника
14. Настройка автоматическая
15. Нейтральная точка
16. Носитель данных
17. Обратная связь
18. Оптическая локация
19. Осциллограф
20. Связь симплексная

35 - нұсқа

1. Варистор
2. Варметр
3. Воздушный выключатель
4. Гармоника
5. Генератор
6. Гальваническая связь
7. Кабель управления
8. Обработка данных
9. Параметр модуляций
10. Система элементов
11. Частотометр
12. Синхронная машина
13. Системы колебательные
14. Скорость фазовая
15. Смеситель
16. Стабилизатор
17. Сумматор
18. Схема
19. Точка нейтральная
20. Электронная эмиссия

36 - нұсқа

1. Выключатель массы
2. Динамическая вязкость
3. Габарит
4. Герц
5. Давление барометрическое
6. Давление извыточное
7. Возвудитель
8. Закон Столетова
9. Знак сравнения
10. Показатель эффективности
11. Частота волны
12. Метод индукции
13. Уголь управления
14. Узловой ток
15. Управляющая сетка
16. Уровень
17. Усиление
18. Фильтрь
19. Цепь активная
20. Электропривод автоматизированный

37 - нұсқа

1. Автоматическая настройка частоты
2. Автоматический выключатель
3. Датчик индуктивный
4. Детектор
5. Диод
6. Замкнутая цепь
7. Заряд
8. Изолятор
9. Ускоритель
10. Значение дискретное
11. Идеальный источник тока
12. Инвертирование
13. Мобильная сеть
14. Элемент системы
15. Кибернетика
16. Обратное отношение
17. Контакт
18. Сбой устройства
19. Сжатие
20. Обработка

38 - нұсқа

1. Автономная система
2. Автоматическая настройка
3. Кабель
4. Вольт – ампер
5. Датчик индуктивный –
6. Делитель напряжения
7. Дешифратор
8. Инверсия
9. Коэффициент передачи тока
10. Линия электропередачи
12. Мегомметр
13. Модулятор света
14. Перенапряжение
15. Режим двигаателя
16. Угловая частота
17. Угловой ток
18. Характеристика
19. Чуствительность
20. Электротехнология

39 нұсқа

1.Базовый адрес
2. Взаймодействие
3. Входной символ
4. Гальваническая батарея
5. Дефект
6. Диаграмма
7. Зажим
8. Законы коммутации
9. Зона проводимости
10. Индукционный ток
11. Магниторезистор
12. Малая интегральная схеме
13.Модуляция света
14. Напряжение смещения
15. Погрешеость измерений
16. Реактивный ток
17. Регулировка усиления автоматическая
18. Регистр
19. Цепь пассивная
20. Электропривод

40 - нұсқа

1. Автоматизированный электропривод
2. Автоматическая регулировка усиления
3. Аналоговая интегральная схема
4. Баланс
5. Батарея
6. Батарея солнечная
7. Волновод
8. Выход квантовый
9. Диаграмма
10. Динистор
11. Емкостный датчик
12. Запись ци фровая
13. Изоляторы
14. Инверсия

15. Источник питания
16. Кабель управления
17. Контактор
18. Магнитная память
19. Настройув автоматическая
20. Эталон

41 - нұсқа

1. Автоматизация
2. Автоматизация производства
3. Амплитудно-импульсная модуляция
4. Время-импульсная модуляция
5. Гидравлический усилитель
6. Дроссельный усилитель
7. Золотник
8. Импульсная коррекция
9. Коррелятор
10. Линия переключения
11. Мост измерительный
12. Мощность
13. Непрерывная коррекция
14. Передаточная функция
15. Перерегулирование
16. Пропорциональная модуляция
17. Скользящий реле
18. Тахогенератор
19. Трансформаторный реле
20. Фазо-импульсная модуляция

42 -нұсқа

1. Автоматизация движений
2. Автоматы конечные
3. Алгоритм
4.Гармоническая модуляция
5. Дифференциальный усилитель
6. Индикаторный реле
7. Комбинированная модуляция
8. Линия равносигналная
9. Магнитный усилитель
10. Обмотка
11. Обратная связь

12. Параллельная коррекция
13. Переход
14. Переходный реле
15. Последовательная коррекция
16. Частотно-импульсная модуляция
17. Бергіш
18. Вентилдік қозғалтқыш
19. Гидравликалық қозғалтқыш
20. Даламбер – Лагранж принципі

Әдебиеттер тізімі

1. Агатаева Б.Б. Көпарналы тарату жүйелелері: техникасы мен теориясы (орысша-қазақша терминологиялық сөздік). – Алматы: Ғылым, 2004. – 160 б.
2. Әлметова Ә.С. Қазақ тілі: Негізгі стандарттан жоғары деңгей. Оқулық./ Ә.С. Әлметова, Ж.Қ.Дәркенбаева, Л.Ж.Хамимульдинова. – Алматы,2015. – 232 б.
3. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: іс қағаздарын жүргізу. Оқу құралы. - Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС, 2011. – 400 б.
4. Бекбаев А., Сүлеев Д., Скормин В.А., Ширяева О.И. Басқару теориясы. – Алматы: Асем-Систем, 2008. 552б. – Қазақша, орысша, ағылшынша.
5. Бекбаев А., Сүлеев Д., Хисаров Б. Автоматты реттеу теориясы. Оқулық. – Алматы, 2005ж. – 267 б.
6. Бекбаев А., Сүлеев Д., Хисаров Б. Сызықты және бейсызықты жүйелердің автоматты реттеу теориясы. - Оқулық:. – Алматы «Эверо» баспаханасы, 2005ж. – 328 б.
7. Кудайбергенов Р. Технический терминологический словарь. – Алматы: Таймас, 2009. – 612 с.
8. Қарабаева Х. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 148 б.
9. Құсайынов А.Қ. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Электроника, радиотехника және байланыс. – Алматы: Рауан, 2000. – 235 б.
10. Мобильдік телекоммуникациялар және цифрлық тарату жүйелері: Оқу құралы / Б.Б. Агатаева, С.В. Коньшин; АЭжБИ. – Алматы, 2010. – 60 б.
11. Мухамадиева Н. Іскерлік қазақ тілі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2010. – 152 б.
12. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Электротехника, электроника және байланыс. – Павлодар, 2006. – 288 б.

13. Тілембекова А., Төлеуп М. Қазақ тілі-2. Іскерік қарым-қатынас: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 82 б.

14. Тілешов Е.Е. Іскери қазақ тілі: оқу құралы құжат тілін мемлекеттік тілде жүргізетін азаматтарға және өзге тіл үйренушілерге арналады. Деловой казахский язык: учебное пособие/ Е. Е. Тілешов, Ж. А. Тұрлыбекова, Ұ. К. Каюпова; Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі. - Астана: Руханият, 2014. - 208 б.

15. Төлеуп М.М. Кәсіби бағытталған тілде сөйлеу біліктілігін дамыту: Оқу құралы. – Алматы: АЭжБИ, 2004. – 77 б.

16. Төлеуп М. Қазақ тілі. Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы: АЭжБУ, 2014. – 88 б.

17. Төлеуп М.М., Советова З.С. Қазақ тілі: Техникалық оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: АЭжБУ, 2015. – 192 б.

18. Нурмаханова М.К. Русский язык для бакалавриата всех специальностей: Учебное пособие. – Алматы: АУЭС, 2014. – 95 с.

19. Шәрібжанова Ғ. Қазақ тілі. Техникалық жоғары оқу орындары үшін жаттығулар мен тапсырмалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы, 2012. – 87 б.

20. Қ.Ө. Ажиев, Д.М. Арыстанғалиева. Кәсіби қазақ тілі. 5В070200 – Автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: АЭжБУ, 2016. – 35б.

Мазмұны

Кіріспе..... ……4
№ 1 студенттің семестрлік жұмысы.....…5
№ 2 студенттің семестрлік жұмысы.....15
Әдебиеттер тізімі..... 35

2017 ж. жиынтық жоспары, реті 46

Д.М.Арыстангалиева

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5В070200 – Автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша өзіндік жұмысы тақырыптарын орындау үшін әдістемелік нұсқаулар

Редактор Қ.С.Телғожаева
Стандарттау бойынша маман Н.Қ.Молдабекова

Басуға қол қойылды _ _ _
Таралымы 40 дана
Көлемі 2,31 есептік-баспа табақ

Пішімі 60х84 1/16
Баспаханалық қағаз №1
Тапсырыс ____ Бағасы 1155 теңге

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126